

Шығыстар бойынша шарттың орындалу мерзімін және аккредитивтің қолданылу мерзімін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 613 Қаулысы

"Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджет комиссиясының 2005 жылғы бюджетте көзделген 011 "Мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасын құру" бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаментінде тіркелген 2005 жылғы 8 қарашадағы N COM-FN4-BA12-KAZ-NII2/94 Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі мен "Siemens AG" акционерлік қоғамы арасында жасалған шығыстар бойынша шарттың орындалу мерзімін және аккредитивтің қолданылу мерзімін 2006 жылғы 1 қарашаға дейін ұзарту туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы 2006 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі